

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Қызылорда облысы Қазалы ауданы Қарашеңгел ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 4 қазандағы № 17 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 8 қазанда № 6452 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қазалы ауданы Қарашеңгел ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 25 маусымдағы № 9 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қазалы ауданы Қарашеңгел ауылдық округі әкімінің 25.06.2019 № 9 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1-бабының 7) тармақшасына сәйкес және "Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Қазалы аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2018 жылғы 20 тамыздағы №7-09-545 ұсынысы негізінде, Қарашеңгел ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қарашеңгел ауылдық округінің Жалаңтөс батыр ауылының аумағында ұсақ малдардың арасында бруцеллез ауруы пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қарашеңгел ауылдық
округінің әкімі*

О. Жамшейтов